# *Қазақ тілі сабақтарында әртүрлі мәтін формаларымен жұмыс жүргізу*

Аубакирова Ж.Ж.
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Білім беру бағдарламалары орталығы

**Тұтас мәтін:** абзацтар мен сөйлемдерден ғана тұратын мәтін.

**Тұтас емес мәтін:** тізім, кесте, диаграмма, жарнама, график, каталог, индекс және басқа да формалардан тұратын мәтін.

**Аралас мәтін:** тұтас және тұтас емес мәтіндердің элементтері кездесетін мәтін.

# Тұтас мәтіндерге оқушылардың күнделікті оқып жүрген мәтіндері жатады:

## СИПАТТАУ

(әңгімеден, өлеңнен үзінді, адамды, орынды, затты сипаттау)

## БАЯНДАУ (ӘҢГІМЕЛЕУ)

(әңгіме, өлең, повесть, мысал, хат, газет-журнал мақалалары, оқулыққа енгізілген мақала, нұсқаулық, жарнама, фильмнің қысқаша мазмұны, блог жазбасы, әртүрлі сайт материалдары)

## ПАЙЫМДАУ

(талқылау шығармалары, пікірлер, өз пікірін дәлелдеу)

NIS

## Жанкүйерлер

Екі самайынан тер моншақтары сорғалаған қара домалақ бала құйындай үйiрiлiп, қақпаға жақындай түсті. Соңғы шабуыл. Ең шешуші сәт.

– Ал-мас-с!

Футбол алаңын қоршап тұрғандар шулап қоя берді. Жанкүйерлер сенімін қалай да ақтау керек. Намысқа тырысқан Алмас жанұшыра алға ұмтылды. Жолын кес-кестей алдынан шыққан ойыншыларға бөгелер емес. Бір қорғаушыны айналып өтті, екіншісін ..., үшіншісін ... Әне – қарсыластар қақпасы. Алмас оң аяғын ширене сілтеп қалды.

– Го-о-л!

Теңбіл доп тор ішінде бұлқынып жатты. Осы сәтті күтіп тұрғандай төреші ысқырды. Ойын аяқталды. Тұс-тұстан алаңға қарай лап қойған жанкүйерлер жүгіріп жеткен бойда Алмасты жерден тік көтеріп алды.

## Отан

Гүлдердің ертемен
Қауызын ашқанын,
Көктемнің көкпеңбек,
Мөп-мөлдір аспанын,
Таулардың қол жетпес асқарын –
Ұнатам бәрін де,
Өйткені ол Отан –
Ұлы Отан.
Бәрін де, бәрін де
Ұнатам,
Өйткені ол Отан –
Ұлы Отан.

*Жақан Смақов*

# Тұтас емес мәтіндер

1. графиктер
2. географиялық карталар
3. диаграммалар
4. құрылыс жоспары
5. схемалар
6. көлік қозғалысының кестесі
7. кестелер

NIS

# Оқу сауаттылығы: PISA-2018

## ҚР

77 мемлекет ішінде 69 орында. Жалпы көрсеткіш:

**384**

ЭЫДҰ орташа көрсеткішінен 100 балға төмен (2,5 жылға артта)

**ҚР оқушылары**

**1-деңгейді**

орындай алды.

Алғаш рет компьютерлік форматта ұйымдастырылды.







**Костанай-Нур-Султан**
11.09.2021

Вагонның түрі ▾ Ұшу уақыты/келу уақыты ▾

| Пойыз | Жөнелтілуі ↓ | Жолда ↓ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Электрондық билет<br>328Т<br>Костанай - Караганд п | 13:00<br>Сб 11 Қырк<br>Костанай | 14 с 39 мин<br>Тасымалдаушының жергілікті уақыты | 0:<br>Жс 12<br>Нур-с | | | |
| Электрондық билет<br>043Ц Танымал<br>Костанай - Алматы 1<br>Пойызда | 18:45<br>Сб 11 Қырк<br>Костанай | 14 с 32 мин<br>Тасымалдаушының жергілікті уақыты | 09:17<br>Жс 12 Қырк<br>Нур-султан | осыдан 3 578.4 KZT Плацкарт<br>осыдан 5 527.0 KZT Купе | 234<br>166 | Таңдау<br>Таңдау |



Анасы Айжанға туған күніне телефон алып бермекші.  Оларға екі телефон ұнап тұр. Біреуі тым қымбат, ал екіншісі арзандау. Анасы Айжанның көңілін қимайды. Бірақ Айжан анасының көп ақша жұмсағанын қаламайды.









| Кино | Кинотеатр | Уақыты | Бағасы |
|---|---|---|---|
| ТРОЯ<br>Жылы: 2004, Елі: АҚШ, Малта, Ұлыбритания<br>Режиссері: Волфганг Петерсен | Кинопарк 8 | 11:00 | 1000 т. |
| АЛА КИІМДІ БАЛАҚАЙ<br>The Boy in the Striped Pyjamas<br>Жылы: 2008, Елі: Ұлыбритания, АҚШ<br>Режиссері: Марк Херман | Chaplin Cinema | 13:00 | 1200 т. |
| СУ АДАМЫ (АКУАМЕН)<br>Aquaman, Елі: АҚШ, Аустралия<br>Режиссері: Джеймс Уан | Kinopark 7 IMAX Keruen | 14:00 | 1300 т. |
| КЕК АЛУШЫЛАР: ШЕКСІЗДІК СОҒЫСЫ<br>Avengers: Infinity War<br>Жылы: 2018, Елі: АҚШ<br>Режиссері: Энтони Руссо, Джо Руссо | Kinopark 6 Keruencity | 17:00 | 2000 т. |

**1-тапсырма. Киноафиша мен кестеге назар аудар. Кестеде қай фильмдер туралы ақпарат жетіспейді?**

A. Кек алушылар: шексіздік соғысы
B. Жүректер әміршісі. Патшаны оралуы
C. Үлкен мейірімді дәу
D. Ала киімді балақай
E. Жүректер әміршісі. Қос мұнара
F. Келісімшарт

**2-тапсырма. Айдар мен Арманға қолайлы уақытта қандай кинолар ұсынылады екен? Қай кинотеатрда? Топта талқылап, өз ойыңмен бөліс.**

**3-тапсырма. Сұрақтарды оқып, өз ойыңмен бөліс.**

1. Арман мен Айдар қолдарында бар 5000 теңгені қалай жұмсай алады?
2. Ұсынылған кинолардың қайсысын қарап көрдің?
3. Балаларға қайсысын ұсынар едің? Неге?

**4-тапсырма. Берілген сұрақтарды топта талқыла.**

1. Ең сүйікті киноң қандай? Несімен ұнайды?
2. Қандай актерлер ұнайы? Олар жайлы не білесің?
3. Кинотеатрға жиі барасың ба?
4. Кино көрердің алдында ғаламтордан өзге көрермендердің пікілерін оқисың ба?

**Кестеде қандай ақпарат берілген?**

a) Дұрыс тамақтану үшін қандай тағамдарды біріктіру керек?
b) Арықтау үшін көптеген азық-түліктен бас тарту керек.

a) Қандай азық-түлікті қолдануға болмайды.

b) Қандай азық-түлік бір-біріне мүлдем сәйкес келмейді?

**Дұрыс жауап:**

a) Дұрыс тамақтану үшін қандай тағамдарды біріктіру керек?




**Кестедегі ақ түске боялған ұяшық нені білдіреді?**

a) Бұл тағамдарды біріктіру әлі зерттелмеген.
b) Білар – сипаттамаға келмейтін (нашар, біріктіруге болады, жақсы), бір-бірімен мүлдес біріктірілмейтін тағамдар.
c) Бұл – кең таралған азық-түлік нанның белгіленуі.
d) Азық-түліктің көлденеңінен, тігінен қиысқандағы көрінісі.

**Дұрыс жауап:**

d) Азық-түліктің көлденеңінен, тігінен қиысқандағы көрінісі.

**Қандай тағам барлық азық-түлік түрімен сәйкеседі?**

a) жаңғақтар
b) жасыл көкөністер
c) ет, балық, құс
d) сүт

**Дұрыс жауап:**

b) жасыл көкөністер



Мәтін тілі оқушының жас ерекшелігіне сай келеді ме?

Мәтін сабақтың мақсаты мен оқу мақсатына жету үшін дұрыс таңдалған ба?

Мәтіннің дереккөзі сенімді ме?

Мәтінмен жұмыс жүргізу үшін алдын ала қандай мәселені қозғау керек?

Мәтінде оқушыларға таныс емес сөздер бар ма?

Мақсатқа жету үшін қандай әдісті қолданған тиімді?

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕР:

Мәтінмен жұмыс кезеңдері сақталмауы мүмкін

(оқылымалды, оқылым, оқылымнан кейінгі).

Онлайн сабаққа берілген уақыт тиімді қолданылмауы мүмкін.

Оқушы өздігінен де мұғаліммен бірлесіп те білім алуы тиіс.

Аралас оқыту

Оқылым мәтіні негізінде жазылым жұмыстарын жүргізу ұзақ уақытты талап етуі мүмкін.

Шығармашылық жазылым жұмыстарын жүргізу қиындық туғызуы мүмкін.

Айтылым дағдыларын бағалау қиындық туғызды.

**Аралас оқыту (blended learning)** – оқушы білімді өздігінен онлайн форматта және мұғаліммен бірлесе отырып, офлайн форматта меңгеретін білім беру концепциясы.




**Flipped learning (Төңкерілген сабақ)** – аралас оқытудың негізгі моделі болып есептеледі.

NIS

# Төңкерілген сабақ (Flipped learning)

**Төңкерілген сабақ** (*flipped learning*) – **аралас оқыту технологиясы** (*blended learning*): білімді меңгеру әрекеті топтық білім беру кеңістігінен жеке дара білім алу кеңістігіне ауысқан жағдаят. Ал топтық білім беру кеңістігі динамикалық интерактивті орта кеңістігіне трансформацияланған.

**Мұғалімнің рөлі** – меңгерілген теорияны тәжірибеде қолдану үшін көмектесетін және оқушының одан әрі өздігінен білім алуына рефлексия жүргізетін фасилитатор, тірекші, тьютор, кеңесші.




Аудиториялық сабаққа дейін оқушылар теорияны өздігінен меңгереді.

Мұғалім сыныпта оқушылардың білімі мен дағдыларын қалыптастыруы, меңгерілген білімді қолдануы үшін мүмкіндік жасайды.

*Дереккөзі: Bergmann J., Sams A. (2012). Flip your classroom: reach every student in every class every day. International Society For Technology In Education*

# Дәстүрлі және төңкерілген сабақты салыстыру




*Дереккөзі: ODYSSEYWARE, 2018, Using ClassPace™ in a Flipped Classroom*

# Төңкерілген оқыту бойынша сабақ моделі

Сыныптан тыс жұмыс

## I кезең

**Теориялық материалды меңгеру:**

*Видеоны қарау/конспекті/схеманы оқу*

*Online Mektep платформасындағы білу мен түсінуге арналған тапсырманы орындау*

Сыныптағы жұмыс

## II кезең

**Оқушылардың материалды меңгергенін түсіну:**

*(5 мин): тестілеу/білу мен түсінуге арналған тапсырмалар/жазбаша жұмыс*

**Online Mektep платформасында жаңа білімді бекіту және Блум Таксономиясы бойынша тапсырмаларды орындау арқылы дағдыларды қалыптастыру:** *(20 мин): қолдану, талдау және бағалау, құруға арналған тапсырмалар*

**Тәжірибелік және лабораториялық жұмыстарды орындау:** *(15 мин): зерттеу дағдыларын дамыту*

Сыныптан тыс жұмыс

## III кезең

**Үй жұмысы** *(30 мин)*

***Online Mektep*** *платформасындағы деңгейлік тапсырмалар арқылы пәндік білім мен дағдыларды бекіту* ***(B,C деңгейлері)***

**40 мин**

*Пән:* ***Қазақ тілі***
*Сынып:* ***10-сынып***
*Сабақтың тақырыбы: «****Отаным, саған айтамын» тақырыбында әңгіме жазу***
*Оқу мақсаты: 10.3.5.1 әртүрлі тақырып бойынша көркемдегіш құралдарды ұтымды қолданып, шығармашылық жұмыстар (өлең, әңгіме, естелік, шығарма) ұсына білу*

## Үйде

Оқушылар **Online Mektep** платформасында берілген сабақтың конспектісін оқиды. Әңгіме жазудың стильдік және жанрлық ерекшеліктерімен танысады, сұрақтар құрастырады (20 минут).

## Сабақта

Оқушылардың алған білімдерін қайталау, сұрақтарға жауап іздеу (7 минут).

*Жеке жұмыс*
«Ақиқат не жалған» жаттығуы
Сұрақтар үлгісі:
1) Әңгімеге тән жанрлық ерекшеліктер - көлемі шағын, кейіпкерлер саны аз көркем шығарма.
2) Әңгіменің негізгі бөлімі тақырыпты ашуға бағытталып, араб санымен белгіленген, кемінде үш тармақшадан тұруы керек.

**Әңгіме жазу үшін жоспар құру**

Жұптық жұмыс (8 минут)
*Аталған іс-әрекет түрі оқушылардың сыни ойлау қабілетін, жазылым дағдысын дамытуға көмектеседі.*
*Оқушылар мәтін аудиториясын, оның мақсатын, қолданылатын көркемдегіш құралдарын, кейіпкерлер жүйесін анықтап алуы тиіс.*

**Әңгіме жазу** (20 минут)

**1 топ – бейнелі сөз оралымдарын ұтымды пайдаланып әңгіме жазу**

**2 топ – нақыл сөздерді ұтымды пайдаланып әңгіме жазу**

**3 топ – тұрақты сөз тіркестерін ұтымды пайдаланып әңгіме жазу**

Сұрақтар үлгісі:
Әңгіменің негізгі кейіпкері кім?
Оқиға қашан болды?
Оқиға орны қайда?
Оқиға қалай басталды? Дамуы қалай?
Оқиға немен аяқталды? Идеясы қандай?

Бірін-бірі бағалау (5 минут)

**Үй жұмысы** ретінде оқушылар **Online Mektep** платформасында орналасқан тест тапсырмасын орындайды.

# Цифрлық ортада жұмыс жүргізу




www.bilimland.kz

1. quizlet.com
2. goformative.com
3. learningapps.org
4. socrative.com
5. kahoot.com
6. playposit.com
7. google.com/forms
8. sorveymonkey.com